

**Қарағанды облысы білім басқармасының «№3 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ»
лицей-интернаты» КММ
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы
ХАТТАМА №3**

Жезқазған қаласы.
«17» сәуір 2021 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы (онлайн форматта)
Төрағасының аты-жөні: Қазбеков Дарын
Хатшының аты-жөні: Жалелова М.
Қатысқандар: 10 адам

Күн тәртібінде:

1. Лицей директоры Ж.К.Кулыбековтың лицейдің 2021-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасын қорғауы;
2. Жаз айларында лицейге жүргізілген ағымдық жөндеу жұмыстарының жоспары;

Тыңдалды:

1. Кулыбеков Ж.К..-лицей директоры
(аты-жөні, лауазымы)

Лицей директоры Кулыбеков Жуаныш Кайратович қамқоршылық кеңес алдында лицейдің 2021-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасын ұсынды. Жуаныш Кайратович өз қорғауында төмендегі мәселелерге аса көңіл бөлетінін атап көрсетті:

1. Білім саласындағы инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы лицей дамуының өзіндік желісін қалыптастыруға жағдай жасау мақсатында жұмыс жүргізетін «W.A.R.D.» жобасын енгізу (3D принтерлер, роботтар санын көбейту, т.б.);
2. Оқыту үрдісіне PBL (Project Based Learning) технологиясын жүйелі түрде қолдану;
3. ФабЛаб жұмысын жандандыру;
4. Лицейде өткізілетін барлық тәрбиелік іс-шараларды «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізу;
5. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жұмыс жасайтын үйірме, клубтардың жұмысын жетілдіру, үйірмелер санын көбейту;
6. Олимпиада жеңімпаздарының санын көбейту, ҰБТ нәтижесін көтеру;
7. Мұғалімнің педагогикалық қызметі сапасын бағалау мақсатында оқу жылы соңында мониторинг жүргізу;
8. Коучинг, тәлімгерлік жүйесінің жұмысын жетілдіру;
9. Жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында НЗМ «ПШО», «Өрлеу», «Ұстаз» біліктілікті арттыру орталықтарында білімдерін жетілдіруге мүмкіндік жасау.

Сөз алғандар:

Мырзабеков Кеңшілік – қамқоршылық кеңесінің мүшесі

(аты-жөні, лауазымы)

Лицей директоры Жуаныш Кайратовичтің лицейдің 2021-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы жайлы қорғауын тындай келе, әсіресе, қорғау барысында келтірілген нақты фактілерге сүйене отырып, Қарағанды облысы білім басқармасының «№3 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты» КММ директоры ұсынған жобаларды енгізу үшін жан-жақты көмек көрсету қажет деп есептеймін. Қорғау барысында көрсетілген іс-шаралар лицейдің сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында атқарып отырған жұмысын одан әрі дамытуға өз үлесін қосары анық.

2. Қазбеков Дарын – қамқоршылық кеңесінің төрағасы

(аты-жөні, лауазымы)

2018 жылдың жаз айларында лицей түлектері мен қамқоршылық кеңестің ұйымдастыруымен лицейдің математика, физика, қазақ тілі, тарих, ағылшын тілі кабинеттеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ аталған кабинеттер маркерлі тақталар, моноблок, теледидар секілді жаңа технологиялармен жабдыкталып, жаңа орындықтар мен парталар қойылды. Жөндеу жұмыстарына 11 млн теңге жұмсалды. Жұмсалған қаражат лицей түлектерінің лицейдің 25 жылдығына арналған көмегі есебінен шығарылды. Ал биылғы оқу жылында олимпиадаға дайындық жұмыстарын жандандыру мақсатында қаржылай көмек көздерін табу жоспарланып отыр.

Қаулы:

1. Лицейдің 2021-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасын қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаз айларында лицейдің пән кабинеттері мен жатақханасына ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілсін.

**Төраға
Хатшы**

**Қазбеков Дарын
Жалелова Маржан**